Қамқоршылық кеңес мүшелері:
Қ.А.Қалабай, С.М.Ягнисов,
Г.Б.Тасболатова, А.Фазылбек
К.К.Жексенбаев, Б.К.Буркиталиев
Б.Китайбекова, А.Е.Тастайбековаға

Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2025жылғы қаңтар айының 07-сі күні сағ: 10.00-де қамқоршылық кеңес мүшелерінің жиналысы өтетіндігін қаперге бере отырып, қатысуларыңызды сұрайды.

Күн тәртібінде:

- Қамқоршылық кеңесінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын жасақтау, бекіту және комиссия құрамдарын жасақтау, бекіту
- №4 жалпы білім беретін мектептің қамқоршылық кеңес жұмыстарын ұйымдастыру шаралары.
- Қамқоршылық кеңестің өкілеттілігі, ашықтығы мен жариялылығы туралы;
- Мектеп кәсіподағының жылдық жұмысы туралы есебі және кәсіподақ төрағасының сайлануы

Қамқоршылық кеңес төрағасы **Л.Ж.Дәуэн**

Орындаған
А.Орынбасарова
87016529571

«№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қамқоршылық кеңесі отырысының

ХАТТАМАСЫ

№1

07.01.2025ж. **Жаңа Дәулет ауылы**

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері, мектеп директорының м.а. және хатшы

Күн тәртібінде

- Қамқоршылық кеңесінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын жасақтау, бекіту және комиссия құрамдарын жасақтау, бекіту
  Л.Ж.Дәуэн
- №4 жалпы білім беретін мектептің қамқоршылық кеңес жұмыстарын ұйымдастыру шаралары. Қамқоршылық кеңестің өкілеттілігі, ашықтығы мен жариялылығы туралы;
  Л.Ж.Дәуэн
  Мектеп кәсіподағының жылдық жұмысы туралы есебі және кәсіподақ төрағасының сайлануы
  О.Бекенов
- Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес төрағасы Дәуэн Ләззат Жұмабекқызы күн тәртібіндегі қаралатын мәселелермен таныстыра отырып, кеңес мүшелері 2025 жылға арналған жоспармен танысуды және осы отырыс барысында жоспардың бекітілетіндігін атап өтті. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмыстарын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен жұмыс жасайтындығын және қамқоршылық кеңесті сайлау тәртібі және құрамы (2-тарау, 8-тармақта көрсетілген) *«Кеңес мүшелерінің саны тақ, бір-бірімен және сол білім беру ұйымының басшысымен ешқандай туыстық және жекжаттық қатынасы жоқ кемінде тоғыз адамнан құрылады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды. Қамқоршылық кеңес мүшелері сол білім беру ұйымы қызметкерлерінің штатына кірмейді»*- деген жазбасы басшылыққа алынғанын ескертіп өтті.

Қамқоршылық кеңестің өкілеттігі (3-тарау, 14 тармақта көрсетілгендей) *Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру мекемелерінің шотына түсетінқайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады. Білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді; Білім беру*

ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсымындарды әзірлейді; Қайырымдылық көмек түрінде білім беру ұйымдарына түскен қаржыны бөлуге қатысады және оның мақсатты жұмсалуытуралы шешім қабылдайды»- деген жазбаларды ескере отырып, осы қызметтерді атқаратындығын баса айтты. Сонымен қатар әрбір жасалған жұмыстың ашықтығы мен жариялылығы мектеп сайтына орналастырылатындығын ерекше атап өтті.

Күн тәртібіндегі келесімәселе бойынша мектептің кәсіподақ төрағасы Бекенов Оразгелды Кадирманович 2024 жылға бөлінген қаражаттың қайда жұмсалғаны туралы есеп берді. Оны төмендегі кестеден көруге болатындығын айтып өтті.

Айы	Қаражат сомасы	2024 жылғы жұмсалған қаражат				
		ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК	СПОРТТЫҚ ШАРАЛАР	МӘДЕНИ-БҰҚАРАЛЫҚ	МЕРЕКЕЛІК ШАРАЛАР	МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК АКЦИЯЛАРЫ
	1	2	3	4	5	6
қаңтар	350,000					
ақпан				39300	51500	
наурыз		120000			850,000	
сәуір						
мамыр		110000	150000	250,000	64000	
маусым						
шілде						
тамыз						
қыркүйек		200000		50,000	38400	
қазан			78050		750000	
қараша		40000			50000	
желтоқсан			200000		1825000	
барлығы		**570,000**	**578,050**	**339300**	**3628900**	5116250

Қаулы:

- Қамқоршылық кеңестің 2025 жылға арналып жасақталған жұмыс жоспары бекітілсін;
- Қамқоршылық кеңес құрамы 2-тарау, 8-тармақты басшылыққа алып жұмыстарын жандандырсын;
- Қамқоршылық кеңес мүшелері, өкілеттілігі жоспарға сай жұмыстарды уақытылы және шынайы жүргізіп отыруды жолға қойсын;
- 2024 жылғы жұмсалған қаражаттың есебі «қанағаттанарлық» деп танылсын.

Отырыстың хаттамасы мен жүрісін төмендегі сілтеме арқылы көруге болады.

Кеңес төрағасы **Л.Дәуэн**

Кеңес хатшысы **Д.Байтугелова**